

ЗЕРДЕ

ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ
рухына тағзым

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №43 (6605) 13 мамыр, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ
өзара тиімді байланыстарға жол ашады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Абу-Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіс-сөз жүргізді.

Ел Президенті мәртебелі мейманға ілтисат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды. Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойғаны белгілі. Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-ның елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті. Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

САРАПТАМА

Жаһандық сауда тізбегі:
ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАЛА
Алматының ықпалы артып келеді

XXI ғасырда әлем елдері арасындағы байланыс тек экономика саласында ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық салаларында терең интеграцияланған күйге енді. Әлемнің қандай да бір бөлігіндегі тұрақсыздық міндетті түрде жаһандық тізбек арқылы барлық елдерге әсер етіп келеді.

ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ

Соңғы жылдары Еуразия құрлығы аясында күрмеуі қиын геосаяси тар-тыстардың артуы еліміздің экономикасына белгілі бір дәрежеде ықпал етіп отыр. Солтүстіктегі Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс, өткен аптада аймақтық қауіпсіздікке үлкен қауіп төндірген Үндістан мен Пәкістан арасындағы текетірес, жаһандық сауда айналымының маңызды нүктесіне айналған Суэц каналындағы сауда кемелеріне Йемен жеріндегі хуситтердің шабуылы – тұтастай алғанда Еуразия даласындағы сауда тізбегіне өзгерістер әкелуде. Аталған қақтығыстар



еліміздің экономикасына қалай әсер етуі мүмкін? Алматының жаһандық сауда тізбегіндегі ықпалы неліктен ар-

тып келеді? Осы және өзге де сұрақтар-дың жауабын мақаламызда талдап көрелік.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

13.05.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

14.05.2025

Түнде:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

15.05.2025

Түнде:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Қазақстан–Вьетнам стратегиялық серіктестігі:

БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ

екіжақты қарым-қатынас көкжиегін кеңейтеді

Өткен аптада елімізге Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам алғаш рет мемлекеттік сапармен келді. Қадірлі қонақты Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми қарсы алды.

Дипломатиялық қарым-қатынасқа – 33 жыл

Биыл маусымда екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 33 жыл толады. Вьетнам Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған. 1991 жылы 27 желтоқсанда Ханой елімізді егемен мемлекет ретінде таныды. Ал 1992 жылы 29 маусымда дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Осылайша екі ел биыл 33 жылдығын атап өтеді.

2008 жылы Вьетнамның Қазақстандағы, ал 2013 жылы Қазақстанның Вьетнамдағы елшілігі ашылған. Бұл екі ел азаматтарының құқығын қорғауға, олардың еркін саяхаттауына оң әсер етті. Әсіресе, соңғы жылдары Қазақстан азаматтары Оңтүстік-Шығыс Азия еліне жиі саяхаттауда.

Қазақстан мен Вьетнам саяси және парламентаралық ынтымақтастық аясында қарым-қатынас орнатып келеді. 1994 жылдан қазірге дейін қос елдің жоғары лауазымды тұлғалары ресми сапар арқылы байланысуда. Әсіресе, 2022 жылдан бастап екіжақты байланыс нығаяуда. 2023 жылғы 20–22 тамызда Қазақстан Президенті Вьетнамға ресми сапармен барған. Бұл сапар екіжақты байланысты жоғары деңгейге көтеруге алғышарт болды.

Екіжақты байланыс ұзақ мерзімге ұласпақ

Тараптар бірнеше маңызды құжаттарға қол қойды. Олардың ішінде «Стратегиялық серіктестікті орнату



(Дереккөз: senate.parlam.kz).

туралы» бірлескен мәлімдеме – ең маңыздысы. Себебі, Қазақстан Вьетнамның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесіне айналды.

Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысының мемлекеттік сапары екі күнге созылды. То Лам мынадай айтулы күндер қарсаңында елімізге келді: 2024-2025 жылдары Вьетнамның көрнекті партия және мемлекет басшысы Хо Ши Миннің Қазақстанға ресми сапарының 65 жылдығы; 2027 жылы Қазақстан мен Вьетнам арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 35 жылдығы.

Алғашқы күні Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Оның қорытындысы бойынша екі жаққа да маңызды құжатқа қол қойылды. «Стратегиялық серіктестікті нығайту туралы» бірлескен мәлімдеме арқылы екіжақты қарым-қатынас көкжиегі кеңеймек. Екіжақты байланыс ұзақ мерзімге ұласпақ.

Тараптар бірлескен мәлімдемеде төмендегі бағыттар бойынша байланысты нығайтуға уағдаласты:

- Саяси ынтымақтастық пен дипломатияны нығайту;
- Ұлттық қорғаныс, қауіпсіздік және құқық саласындағы ынтымақтастықты кеңейту;
- Экономикалық, сауда, инвестициялық және қаржылық ынтымақтастықты кеңейту;

Жаһандық сауда тізбегі:

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАЛА

Алматының ықпалы артып келеді

(Басы 1 -бетте)



(Дереккөз: www.kazakhstan.today.kz)

• Қазақстан арқылы 13 халықаралық сауда жолы өтеді.

• Алматы еліміздің экономикалық драйвері ретінде, Батыс пен Шығыс арасында логистикалық көпірге айналууда.

• Алматы Орталық Азиядағы басты іскерлік, көлік және логистикалық хаб ретінде Каспий маңы елдерінің 150 миллиондық нарығына, Орталық Азияның 50 миллион тұрғынына және Қытайдың батысындағы 300 миллион тұтынушыға тәулік бойы тауар тасымалдайтын халықаралық хабқа айналууда.

Шахмат тақтасындағы өзгерістер

Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің дерегі бойынша, Қазақстан экономикасының өсуі 2023 жылғы 5,1%-дан 2024 жылы 4,5%-ға дейін баяулаған. 2025 жылға арналған болжам бойынша өсім 5,2% деңгейінде күтілуде. Ұлттық экономикамыздың жағдайы аймақтағы орын алып отырған геосаяси өзгерістерге қаншалықты тиімді жауап бере алуымызбен айқындалмақ.

Алматы қаласы ежелден тоғыз жолдың торабында орналасқан, мәдениет пен сауданың тоғысқан нүктесі саналады. Бүгінде еліміз арқылы 90-нан астам халықаралық әуе бағыты және маңызды құрлықтық сауда күре жолдары өтеді. Оңтүстік Азиядағы геосаяси тұ-

рақсыздық басталғаннан бері жаһандық тауар айналымының бағытында өзгерістер байқалуда. Осы орайда «Жаңа Жібек жолы» аясындағы құрлықтық тасымал бағыттарының маңызы артатыны айқын.

2024 жылы Қытайдан Еуропаға жөнелтілген тауарлардың жалпы көлемі шамамен, 518 миллиард еуроны құрады. Тауарлар негізінен теңіз арқылы тасымалданғанымен, соңғы жылдары құрлықтық бағыттардың үлесі арта түсуде. Мысалы, 2023 жылы Қытай мен Еуропа арасындағы теміржол арқылы тасымалданған жүктің үлесі жалпы көлемнің шамамен 5%-ын құрады.

Бүгінде, Азиядан шыққан тауарды қауіпсіз әрі жедел жеткізудің ең тиімді жолы – Қазақстан арқылы өтетін «Орта дәліз» бағыты. Бұл бағыт Каспий теңізі арқылы Әзербайжанға, одан әрі Түркия арқылы Еуропаға жалғасады.

Мақсат – жаңартылған инфрақұрылым әлеуетін ел мүддесі үшін тиімді пайдалану

Қазақстан сияқты алып территорияға ие ел үшін логистика саласының дамуы – экономикалық өсудің шешуші тетіктерінің бірі. Бұл ретте инфрақұрылым мен сапалы жол жүйесі шешуші рөл атқарады деп ойлаймыз. Соңғы бес жыл ішінде елімізде арнайы бағдарламасы аясында 31 000 шақырым жол салу және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ендігі міндет – жаңартылған инфрақұрылымның әлеуетін ел мүддесі үшін тиімді пайдалана алу.

Логистика саласы тек қана шикізат өнімдерін шетелдік нарыққа тасымалдаудың төте жолы ғана емес, сонымен

• Ауыл шаруашылығы, ғылым, технологиялар, цифрлық трансформация, энергетика, мәдениет, спорт, туризм, білім, еңбек және қоршаған орта салаларындағы жан-жақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

• Екіжақты өңіраралық ынтымақтастық пен адамдар арасындағы алмасуды нығайту;

• Өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Тауар айналымы – 2 миллиард долларға жеткізілмек

Бұл бағыттардың ішінде ауыл шаруашылығы, туризм салаларын дамыту мүмкіндігі бар. Себебі, соңғы уақытта қазақстандықтар Вьетнамға жиі саяхаттауда. Екіжақты визасыз режим де енгізілген. Осы ретте Президент келіссөз барысында Вьетнам азаматтарының қызығушылығын тудыруы мүмкін Қазақстандағы туристік аймақтарды зерделеп көруді ұсынды.

Көлік қатынасы саласында инвестициялық байланыс та қалыптасуда. Келіссөз барысында мемлекет басшылары 2024 жылғы 24 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, вьетнамдық «Sovico Group» конгломераты мен оның жергілікті серіктесі арасындағы «Qazaq Air-ді» сатып алу-сату мәмілесі бойынша міндетті құжаттамаға қол қойылғанын жоғары бағалады. Қазақстан Үкіметі экономиканы либерализациялауға аса мән беруде. «Qazaq Air» авиакомпаниясы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ құрамында еді. Бұл жекешелендіру үдерісінің жүріп жатқанын көрсетеді.

2024 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 860 миллион долларға жеткен. Тараптар таяу жылдары бұл көрсеткішті 2 миллиард долларға жеткізуге ниетті.

Мәдени байланыс та нығаймақ. 2025 жылы Қазақстанда Вьетнамның мәдениет күндері өткізілсе, 2026 жылы Вьетнамда Қазақстанның мәдениет күндері атап өтілмек.

Сөзімізді түйіндесек, Қазақстан мен Вьетнам арасындағы «Стратегиялық серіктестікті орнату туралы» бірлескен мәлімдеме екі ел арасындағы байланысты жоғары деңгейге көтереді дей аламыз.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

бірге магниттік өріс секілді әлемдік алпауыт компаниялар мен іргелі өндіріс орындарын тартудың тиімді жолы. ХХІ ғасырда «Азия жолбарыстары» аталып кеткен Сингапур, Тайвань аралдары, немесе Таяу Шығыстың қаржы орталығына айналған Дубай мен Доха қалаларының ықпалды қаржы орталықтарына айналуының бірден бір себебі, өңірлік транзиттік хабқа айнала алуында.

Бұл тұрғыда Алматының Орталық Азияда ғана емес, кең ауқымда Еуразияның тауар айналымының түйісетін арнасына айналып отырғанының куәсі болып отырмыз.

• Бизнес, мемлекеттік қызмет саласын цифрлауда, жасанды интеллект сынды озық технологияларды қоғам игілігіне тиімді интеграциялауда көшбасшы болып отырған Алматы үшін, кезекті меже Еуропа мен Азияны біріктіретін, заманауи транзиттік хабқа айналу міндеті тұр.

Қазақстан секілді, қос бірдей құрлықта орналасып, халықаралық теңіз сауда жолына тек көрші елдер арқылы шығу мүмкіндігі бар, әлемнің экономикалық орталықтарымен шекарасы бар, бастысы көпжақты, мультивекторлы дипломатиялық модель қалыптастырған ел үшін, кәрі құрлық – Еуразияның саясат тақтасындағы кез келген өзгерісті ықпалды арттыруға жасалған мүмкіндік деп қарастырғанымыз жөн.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Тұран» университеті.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

өзара тиімді байланыстарға жол ашады



(Басы 1-бетте)

Абу-Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақ-жайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді. Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді.

Тараптардың келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті. Бұдан бөлек, құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

Қазақстан Президенті мен Абу-Дабидің Тақ мұрагері шейх Халиф бен Заид Әл Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейге барды. Мәртебелі меймандарға қазіргі кезде оқу ошағында 2800 бала білім алып, 159 педагог еңбек ететіні жөнінде ақпарат берілді. Биылғы оқу жылында «Цифрлы мектеп» жобасы дайындалып, жаратылыстану және математика пәндері 7 бағытта, атап айтқанда, IT STEM, FAB LAB, роботты техника, қолданбалы математика, биоинженерия, математикалық модельдеу, биохимия салаларына бөліп оқытылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян араб тілі кабинетін көрді. Мектеп оқушылары араб тілі мен әдебиетін меңгеруде жеткен жетістіктерін танытты. Оқушылар Қазақстан Президенті мен Абу-Дабидің Тақ мұрагеріне мектеп музейін таныстырды. Онда екі елдің ынтымақтастығы мен достығына арналған көрме ұйымдастырылған. Экспозицияға ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі араб әлемі жөнінде сыр шертетін кітаптар, ұлттық киім үлгілері мен тарихи жәдігерлер қойылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барып, Қаржы орталығының жетістіктерімен танысты. Сондай-ақ, АХҚО Соты, Қаржы қызметін реттеу комитеті, биржа және Халықаралық төрелік орталығының ерекшеліктері көрсетілді. Меймандарға инвестициялық

ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері жөнінде мәлімет берілді. Бүгінгі таңда Біріккен Араб Әмірліктерінің 46 компаниясы АХҚО резиденті ретінде тіркелген. Олар қаржы және сақтандыру, ақпараттық-коммуникациялық технология, сауда, көлік, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі секілді түрлі салада қызмет етеді. Бұдан бөлек, Қазақстан мен БАӘ капитал нарығы арасында байланыс нығайып келеді. Мәселен, биыл 7 мамырда Nasdaq Dubai және Astana International Exchange (AIX) биржалары орталық депозитарийлерінің арасында тікелей байланыс орнағанын жариялады. Былтыр AIX Абу-Дабидің биржасы (ADX) құрған Tabadul цифрлық биржа хабына қосылды.

• Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу-Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Қазақстан – БАӘ» бизнес-форумының жабылу салтанатына қатысты.

Қол қойылған коммерциялық құжаттардың жалпы сомасы 5 млрд. долларға жуық. Бұл экономиканың негізгі секторларын қамтиды. Қазақстанға 4,3 млрд. доллардан астам инвестиция құйған БАӘ – еліміздің Шығанақ аймағындағы жетекші сауда және инвестициялық серіктесі.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Энергетика, логистика, қаржы, интеллектуалды технологиялар, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа түрлі салада ынтымақтастығымызды кеңейтуге мүмкіндік мол. Masdar, Presight, Abu Dhabi Ports, Terminal Holdings және Abu Dhabi Commercial Bank секілді серіктестерімізбен бірге жүзеге асырып жатқан маңызды жобалар өзара ықпалдастықтың қарқын ала түскеніне айқын дәлел. Осы және басқа да бастамалар екіжақты қарым-қатынастың дәйекті әрі тиімді дамып келе жатқанын көрсетеді».

Бизнес форум аясында цифрлық технология дамуына, қаржы, урбанистика және «жасыл» экономика салаларындағы заманауи трендтерге арналған тақырыптық сессиялар ұйымдастырылды. Екі елдің бизнес өкілдері B2B форматында кездесулер өткізді. Форумға Әмірліктерден Абу-Дабидің Экономикалық даму департаментінің, БАӘ сауда-өнеркәсіп палаталарының, сондай-ақ Masdar, AMEA Power, Abu Dhabi Ports Group және тағы да басқа ірі компаниялардың өкілдері қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!



«АҚИҚАТТАН АТТАУҒА БОЛМАЙДЫ»

Еліміздің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі
Дінмұхамед Ахметұлының есімімен
тығыз байланысты

«...Әдетте, демалыста шахталарда жеңіл-желпі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа жұмыс аптасына тыңғылықты әзірлік жасалатын. Сокольный кенішінде болып, ондағы шаруа жайын өз көзіммен көріп, қаннен-қаперсіз үйге қайтып келе жатқанмын. Есік шалқасынан түсіпті. Табалдырықтың арғы жағында не өң, не түс жоқ, Зуһра тұр. Өксігін баса алмай: – Қазір ғана радиодан Молотов сөйледі. Соғыс басталыпты, – деді...».

Өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» мемуарлық кітабында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Ұлы Отан соғысының басталғаны жайлы жайсыз хабарды қалай естігенін осылайша баяндайды.

Күллі адамзат пен Кеңес Одағы үшін қатерлі сол бір сын сағатта Қонаев Қазақстанның бүкіл қорғаныс өнеркәсібін басқарды. Халқымыздың Ұлы Жеңіске қосқан ерен үлестің бір бөлігі дәл осы Д.А.Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Себебі, соғыс жылдарында майданға аса қажетті он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілді.

Кемеңгер тұлға тыл күштерін майданға көмек көрсетуге, Жеңіс жолын жақындатуға жұмылдыра білді. Егер майдан шебінде Жеңіс маршалы Георгий Жуков болса, тылда сол Жеңістің ұлы қайраткері – Дінмұхамед Қонаев еді.

Жеңіс жолы дәл осы жерде – тылда шындалды. Қазақстан КСРО-ның сенімді тылына айналды. Қазақ елі миллионнан астам эвакуацияланған жандарды құшағына алып, олармен соңғы нанын бөлісті. Ел аумағында, шикізат көздеріне жақын жерлерде, адам және материалдық ресурстар бар өңірлерде майдан маңынан көшірілген ірі зауыттар мен фабрикалар орналастырылды. Майдандағы жаппай ерлік пен тылдағы патриоттардың жанқиярлық еңбегі Жеңіс сағатын жақындата түсті.

Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстанды ширек ғасыр – 25 жыл басқар-

ды. Осы уақыт ішінде республиканың экономикасы он төртінші орыннан Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші сатыға көтерілді, жаңадан 43 қала құрылды, екі мыңнан астам колхоздар мен совхоздар пайда болды, республика халқының саны артты. Ол іскер, білікті, көреген басшы ғана емес, талантты ғалым да болды. Республикада 33 ғылыми институт жұмыс істеп, ғылым мен ғалымдарға ерекше мәртебе берді.

Димаш Ахметұлының ішкі мәдениеті биік, рухани әлемі бай, өзіндік орны бар тұлға еді. Бойындағы өзіне жарасымды ирония мен халқына деген шынайы сүйіспеншілігі, парасаттылығы оны ерекше биікке көтерді. Серіктестерінің бірі – Асанбай Асқаров оны былай сипаттаған: «Дінмұхамед Қонаев тек саяси көсем емес, ұлттың рухани ұстазы еді. Терең ақыл, мол білім, биік интеллект – осы ұлы адамның басты қасиеттері болатын».

Біз халқымыздың дара да дана перзентінің өмірі мен қызметіне қатысты деректер мен материалдарды жинап, сақтап, үнемі экспозицияларымызды жаңғыртып, жас ұрпаққа жеткізіп келеміз. Өйткені, ол – қазақ халқының мақтанышы! Біздің миссиямыз – тарихты келер ұрпақ үшін сақтау!

Елена КУБАШЕВА,
мәдениет
саласының үздігі,
Д.А.Қонаев
музейінің
басшысы,
Алматы қаласы
музейлер бірлестігі



ОЙТУРТКИ

БАЛАҒА ДАЙЫН БАСПАНА:

қамқорлық па, әлде кедергі ме?



ТАБЫС ХИКАЯСЫ

СЕРТ пен СЕНІМ

«Балаларым жертөледе тұрмайды!» деген қарапайым қазақ қызының отбасылық хикаясы талай жанға үлгі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

2008 жыл. Алматы. Жас отбасы – Қуаныш пен жүбайы тұңғыштарын құшағына жаңа алған кез. Бірақ үлкен қаланың қатал шындығы оларды құшақ жая қарсы алған жоқ. Жолдасының табысы күнделікті ішіп-жем мен пәтерақыдан аспайтын.

Жас отбасы жалдап тұрған үйінің пәтерақысын үнемдеу үшін Республика сарайының арт жағындағы ескі үйдің жертөлесіне көшеді. Терезесіз, тар әрі дымқыл бөлмеде тұру жас ана-ның жанына қатты батты. Бірақ сол сәт – болашаққа берілген сертке айналды: «Менің балаларым мұндай баспанада тұрмайды». Сол күннен бастап олар үшін үй – тек баспана емес, арманның символына айналды.

– Мен бөлмелері кең, жарық, терезеден таңғы күн шуағы төгіліп үлкен үйде өскенмін. Ал

мынау... терезесіз, күңгірт жертөле. Алғашында бұл жерді қабылдай алмай, қатты қиналдым. Бірақ амал жоқ, тіршілік үшін көнуге тура келді, – деп еске алады Қуаныш.

Ол бала кезінен ерте тұруға дағдыланған. Ата-анасы таңмен таласа тұрып, күнді сәтті бастауға үйреткен.

– Мен ешқашан таңғы онға дейін ұйықтап көрмегенмін. Бірақ сол үйде бір күні түскі бірде әрең ояндым. Терезе жоқ, сыртқы жарық көрінбейді. Уақыт пен кеңістіктен ажырап қалғандай күй кештім. Сол сәттегі көңіл күйімді сөзбен жеткізу қиын... Ішімнен қатты қорланып «менің балаларым жертөледе өмір сүрмейді!» деп өз-өзіме серт бердім, – дейді ол.

Дәл осы күн оның бүкіл өмірін өзгертті. Ай сайын айлығын алған сайын ішіп-жемнен артылған ақшаның бәрін бір тиынын шығармай, Казкоммерцбанкке салып отырды.

– Қазір екі қызымның да жеке үйі дайын. Екеуі де мектепте оқиды. Он сегізге толғанда, пәтер кілтін өз қолдарына табыста-сам деймін. Ата-ана болған соң баланың ешнәрседен тарықпай өскенін қалайсың, – дейді ол.

Алайда, Қуаныштың жанын бір ой мазалайды. Жақындары кейде: «Балаларыңа тым жайлы жағдай жасап қойдың. Олар өмірдің ащысын татпай өсуі мүмкін» дейді екен.

• «Бұл – менің маңдай терімнің, табанақы еңбегімнің жемісі. Сол үйлер қазір маған қызмет етіп жатыр. Кім не десе де, бұл – адал еңбектің нәтижесі. Қазір үкіметке алақан жайып отыратын заман емес. Тегін үйлер мен жеңілдікпен

берілетін баспаналар шын мұқтаж жандарға – жетім балалар мен әлеуметтік осал топтарға арналсын. Ал біз өз күнімізді өзіміз көріп үйренуіміз керек. Жағдайың келіп тұрса, баспана алып қоя бергенге не жетсін».

– Баспанаға қол жеткізу үшін алғашқы қадам үнем мен тұрақтылықтан басталуы керек деп есептеймін. 2008 жылы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен шот ашып, ай сайын 21 532 теңгеден жинай бастадық. Қосымша табыс түссе де, алдымен банкке салып, қалғанын ғана жұмсауды әдетке айналдырдық. Ең бастысы – бір ай да үзбей, тұрақты жинау.

Бір-екі жылдан кейін 10 сотық жер сатып алып, үш айда шағын «временка» салып шықтық. Қыздарымды ауылдан алып келдік. Бұл – біздің алғашқы баспанамыз еді.

Кейін жолдасым екеуміз 2017 жылы екі қабатты үйдің құрылысын бастадық. Тоғыз жылда жинаған 8 миллион теңгеге «Нұркенттен» пәтер алдық. Банк 4 пайызбен 7 миллион теңге несие беріп, сол қаражатқа жерүйдің құрылысын толық аяқтадық. 2019 жылы зейнетақы қорындағы ақшамен ипотеканың бір бөлігін жаптық. Осылайша екі үйдің де иесі атандық.

2023 жылы қаладағы пәтерді кепілге қойып, тағы бір пәтер алдық. Қазір бұл пәтерді жалға беріп отырмыз – ипотека өзін-өзі жауып жатыр.

Әр балама бір баспана дайындау – менің басты мақсатым болды. Үлкен қызыма – алғашқы пәтер, ұлыма – екі қабатты үй кенжеме – үшінші пәтер бұйырды.

Қаржы жинағанда ең маңыздысы – мақсат. Аз да болса, үзбей жинау қажет. Құрылыс материалдарын қыс мезгілінде алған тиімді. Мемлекеттік бағдарламаларды үнемі бақылап отырамын. Табыс аз болса да, тәртіп пен табандылық болса, нәтиже міндетті түрде болады. Мен соны өз өміріммен дәлелдедім, – дейді кейіпкеріміз.

● ТҮЙІН:

Бұл оқиға тек бір отбасының ғана емес, тұтас ұлттың өресін өсіретін өнеге. Еңбек пен сенімнің, ниет пен тәртіптің ұштастығынан туған нағыз табыс хикаясы...

Қуаныш үшін сол жертөле – өміріндегі үлкен сабақ, өз жолын айқындауға итермелеген бұрылыс болды. Сол күннен бастап ол әр атқан таңды үмітпен қарсы алып, әр күні үшін күресе бастады. Өйткені, ол өзіне: «Менің балаларым ешқашан жарықсыз жерде өмір сүрмеуі керек!» деп серт берген болатын.

қазір заман басқа. Білім мен кәсіби дағдылардың маңызы артып тұр. Сондықтан жастарымыздың жайлы тұрмысты емес, сапалы білім мен кәсіби даму жолын таңдағанын қалаймыз.

- **Балаға пәтер алып беру – әр ата-ананың жеке таңдауы. Бірақ бұл шешім баланың болашағына оң ықпал етуі үшін, оны дұрыс ұйымдастырып, баланың еңбекке деген ынтасы мен жауапкершілігін оятқан жөн.**

Рас, әр баланың санасы әртүрлі. Кейбірі ата-анасының қамқорлығын қадірлеп, оны өмірлік мотивацияға айналдырса, енді бірі бардың қадірін білмей, қадірсіз қылып алуы мүмкін. Сол себепті, басты назарды – тәрбиеге, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулуға аудару керек-ақ.

Бүгінде балаларға баспана алуға қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламалар да бар. Мәселен, «Отбасы банк» арқылы арнайы жинақ жүйесін пайдаланып, ерте бастан үй алуға мүмкіндік жасауға болады. Осы тақырыпта біз баласына үй алып берген ата-ананың және психолог маманның да пікірлерін тыңдадық.

Ал сіз қалай ойлайсыз, оқырман? Балаға дайын үй сыйлаған дұрыс па, әлде өмірде өз жолын өзі тауып, өз күшімен жеткені абзал ма? Пікіріңізбен бөлісіңіз!

МАМАН ПІКІРІ

Айгүл АСҚАРҚЫЗЫ,
балалар психологы:

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ИГІЛІК
қашан да қадірлі

Дәстүрлі тәрбиеде бала өз отауын құрып, жеке өмірге қадам басқан сәттен бастап, өміріне өзі жауапты болатыны маңызды саналатын. Қазақта бес жастан бастап балаға бәсіре атау дәстүрі бар. Бұл – баланы ерте бастан жауапкершілікке үйретудің бір көрінісі. Яғни әрбір бала белгілі бір мүлікке ие бола отырып, сол мүліктің қадірін түсініп, оны сақтауға, қадірлеуге, еңбек етуге үйренетін.

Қазіргі қоғамда, өкінішке қарай, бұл түсінік өзгеріп барады. Көптеген ата-аналар баласының қажеттіліктерін дереу орындап беруге асығады. Нәтижесінде балада өмірге деген қызығушылық, құлшыныс төмендейді. Өмірге деген шынайы мотивация тек қиындықты еңсеру арқылы ғана қалыптасады. Бала белгілі бір қиындықты жеңіп, жетістікке өз күшімен жеткенде ғана оның өмірі мәнге ие болады. Мысалы, «Мен бұл үйді не үшін алғым келеді?» деген сұраққа бала жауап таба алуы керек. Ол үшін бала үйге жетудің жолын түсініп, соған күш жұмсауы тиіс. Еңбекпен келген игілік қашанда қадірлі. Қазақтың «Дайын асқа тік қасық болма» дегені де содан.

Бүгінде ата-аналар баласының жауапкершілігін өз мойнына алып қойған. Балаға тапсырма берудің орнына, ата-ана өзі бәрін атқарып береді. Бұл – үлкен қателік. Мұндай жағдай, әсіресе, мамандық таңдау, өмірлік маңызды шешімдер қабылдау сынды сәттерде анық көрінеді. Жауапкершілікті сезінбеген бала өзін-өзі таба алмай, өмірден түңілуі мүмкін. Әрбір бала өз өмірінде қаһарман болуы керек. Үй алу, еңбек ету, мақсат қою, сол мақсатқа жету – өмірдің ең маңызды аспектілері. Бұларсыз адамның өмірі мәнсіз, мағынасыз болып қалады. Дайын үй алып беру – баланың алдындағы үлкен мүмкіндікті тартып алу деген сөз. Ата-ана бағыт беруі, қолдауы керек, бірақ дайын дүниені қолына ұстата салуға болмайды. Өмірдің мәні – күресте, мақсатта, еңбекте. Қаһармандық – тек үлкен істерде емес, күнделікті өмірдің өзінде де көрінуі тиіс. Бала соны түсінсе, ол ешқашан өмірден жалықпайды.





ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ



(Сурет: әлеуметтік желіден).

ЦИФРЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ:
Instagram мен TikTok-тағы
мейірімділік толқыны

Қайырымдылық – адамзат баласының рухани биіктігін танытатын ең асыл қасиеттердің бірі. Ежелден бері халқымыз «Жақсылықты басқаларға көрсетпей істеу керек» деген ұстаныммен өскен.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бірақ уақыт өзгереді, қоғам да жаңа бағытқа бет бұрады. Бүгінгі цифрлық дәуірде қайырымдылық та жаңа сипат алып отыр. Бұрын тек қолма-қол көмек көрсету, азық-түлік тарату, киім-кешек жинау сияқты офлайн әрекеттермен шектелетін қайырымдылық бүгінде әлеуметтік желілер арқылы кең қанат жаюда. Instagram мен TikTok секілді платформаларда мейірімділік әрекеттері бейне-жазба арқылы таралып, миллиондаған көрерменнің жүрегін тебіренітіп, өзгелерді де игі іске шабыттандыруда. Мұндай контенттер «цифрлық қайырымдылық» деген жаңа түсініктің қалыптасуына жол ашты.

TikTok-та беймәлім бір жанның көшеде отырған қарияға ыстық тамақ пен су апарып беруі немесе Instagram-да еріктілер тобының науқас балаға қажетті дәрі-дәрмекті жеткізіп беруі – бір

қарағанда қарапайым көрінуі мүмкін. Бірақ бұл көріністер адамдардың жүрегіне үміт ұялатып, айналасына жанашырлықпен қарауға итермелейді. Осындай сәттер – саналы қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдар.

Цифрлық қайырымдылық – жай ғана тренд емес, ол – жаңа буынның әлемді жақсартуға деген ниетінің көрінісі. Бүгінгі жастар экран арқылы жақсылық жасауды үйреніп жатыр. Олар бір-біріне қамқор болуды, әлсізді қолдауды, мұқтажды түсінуді әлеуметтік желілерден көріп, бойына сіңіруде. Бұл – оң өзгерістің белгісі. Цифрлық мейірімділік тек жеке бастың ғана емес, тұтас қоғамның мәдени деңгейін арттырады. Бұл – адамдардың бір-біріне деген сенімі мен жанашырлығын қайта оятатын құбылыс. Әрбір лайк, әрбір бөлісім – жақсы іс жасауға жасалған тағы бір қадам.

Заманауи технология мен әлеуметтік желілер адамзат өмірін тек жеңілдетіп қана қоймай, оның рухани дамуына да әсер етіп отыр. Цифрлық қайырымдылық – соның айқын дәлелі. Бұл – жүректен шыққан жақсылықтың жаңа формасы. Әлеуметтік желілер арқылы мейірімділікке үндеу – жай ғана әдемі видео емес, бұл – қоғамды ізгілікке бастайтын шынайы толқыны.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнеля ЖАНБОТЫРОВА, медиа-маман:

АДАМДАР МЕЙІРІМДІЛІККЕ ҮЙРЕНСЕ,
БҮЛ – ПАЙДАЛЫ ҚҰБЫЛЫС

Цифрлық қайырымдылық – заман талабына сай пайда болған тиімді құрал. Бұрын қайырымдылыққа қатысу үшін арнайы қорларға мүше болу, еріктілер ұйымдары арқылы әрекет ету қажет болатын. Яғни бұл – көпшілікке қолжетімді емес, тек санаулы жандар ғана атсалыса алатын бағыт еді. Ал қазір жағдай мүлде басқаша. Әрбір адамның қолында смартфон, әркімнің қолында әлеуметтік желі бар. Яғни жақсылық жасау бұрынғыдан оңай әрі кең ауқымды. Instagram, TikTok, YouTube арқылы кез келген адам өзінің ниетін көрсетіп, өзгелерді де соған шабыттандыра алады. Бұл – үлкен күш. Себебі, бір ғана видео жүздеген, тіпті мыңдаған адамның ойын өзгертіп, мейірімділікке итермелеуі мүмкін. Бір адамның бір игі ісі тұтас қоғамға әсер ететін толқынға айналып жатады. Әрине, бұл үрдістің екінші жағы да жоқ емес. Кейбір блогерлер мен контент жасаушылар үшін қайырымдылық – танымал болудың құралына айналып кетіп жатқанын байқаймыз. Қайырымдылық жасауды камера алдында ұйымдастырып, басқалардан лайк пен пікір күту, жарнамаға айналдыру – бұл шынайы мейірімділік рухына қарсы келеді. Бұл мәселеге тереңірек көзқараспен қараған жөн. Кейде қайырымдылық пен PR шекарасы көмескі болып кетуі мүмкін. Бірақ егер сол әрекет арқылы шын мұқтаж адамға көмек жетсе, егер адамдар мейірімділікке үйренсе, бұл – пайдалы құбылыс. Қоғамдық сана біртіндеп жаңарып келеді. Ең бастысы – адамдардың ішкі ниеті мен әрекетінің шынайылығы.

ЭКОНОМИКА

BRT ЖЕЛІСІ

Алматының жол-көлік инфрақұрылымының
маңызды бөлігі болмақ

Мегополистің Желтоқсан көшесінде және Райымбек батыр даңғылында BRT желісінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Жалпы BRT (Bus rapid transit) дегеніміз – қоғамдық көлікке жоғары жылдамдықпен жүруге мүмкіндік беретін арнайы жолақ. Бұл жолмен қоғамдық көлік, яғни автобус не троллейбустар кептеліске түспей, ақылды бағдаршамдардың арқасында қиылыстарда уақыт жоғалтпай, заманауи жүйелер арқылы кедергісіз қозғалады. BRT аялдамалары көбінесе қиылыстарға жақын орналасады.

Алматыда алғашқы BRT желісі 2018 жылы Тимирязев көшесінде салынды. Қоғамдық көлікке басымдық беретін инфрақұрылымды әрі қарай дамыту үшін биыл мегаполистің тағы екі көшесінде BRT құрылысы басталды. Тимирязев бойындағы желі Желтоқсан көшесі арқылы Райымбек батыр даңғылында салынатын жолға жалғасады.

Атап айтқанда, 23 сәуірден бастап Алматыдағы Райымбек даңғылында BRT желісін іске асыру жұмыстары басталды. Жоба үш бөлікке бөлінген: Пушкин көшесі – Сейфуллин даңғылы (1,8 км), Сейфуллин даңғылы – Ахрименко көшесі (7,2 км), Ахрименко көшесі – Алтын Орда (7,5 км).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Бахтияр БАТЫРБЕК,**
«Терек» жобалау компаниясының басшысы:

БАСЫМДЫҚ БЕРІЛГЕН ҰТЫМДЫ

BRT – бұл Алматы үшін қажетті және тиімді жол. Себебі, оны метрополитен немесе LRT-мен салыстырсақ, оның құрылысына жұмсалатын қаржы әлдеқайда аз болады. Меніңше, Алматы секілді мегаполистің жол-инфрақұрылымында барлық жол желілері болғаны жөн және олар өзара байланысуы тиіс. Метрополитен, BRT мен LRT – бір шаһарда бір-бірін толықтыратыны сөзсіз. Егер біз тек жеке көлікке арналған инфрақұрылымды дамытсақ және көліктердің саны шектеусіз өсе беретін болса, бұл тығыздыққа апарады. Сондықтан қоғамдық көлікке басымдық берген дұрыс деп санаймын.

**Нұрбек АУЖАНОВ,**
«Градкомплекс» жобалау фирмасының директоры:

ЖЫЛДАМ ӘРІ АРЗАН ШЕШІМ

Бұл тиімді жол инфрақұрылымы. Қазір қалада жобасы жасалып, құрылыстары басталып кетті. Жалпы, Bus rapid transit ірі шаһарларда жақсы дамыған. Алматыда Тимирязев көшесінде бар, Астанада да бар. BRT желісі бойынша тек қоғамдық көлік, автобустар жүре алады. Бұл кептелісі көп, жол қозғалысы тығыз көшелер үшін тиімді. Мысалы, адам асығыс болса, кептелісте тұрғанша көлігін қалдырып, автобусты мініп, дереу диттеген мекенжайына жете алады. Мен өзім де автобусты мінгенде BRT желісі бар көшелер өте ыңғайлы екенін байқаймын. Енді Алматыда бұл жол инфрақұрылымы одан әрі дамып жатқанына қуаныштымын. Осы жобаның арқасында қоғамдық көлікке отыратын адамдардың саны көбейеді деп ойлаймын. Ол өз кезегінде экологияға да пайдасын тигізеді. Метрополитенді ұзарту ұзақ әрі қымбат болса, BRT жылдам әрі арзан шешім.

**Артур ШАХБАЗЯН,**
Көлік жүйесін дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы:

ЖОЛ ЖЕЛІСІ ПАЙДА БОЛАДЫ

2023 жылдың аяғында Алматыда көлік қаңқасының бас жоспары бекітілді. Онда қоғамдық көлікті дамытуға бағытталған ұсыныстар негізінде метроны дамыту, жаңа жол-көлік желілерін салу қарастырылды. Соның алғашқысы – Райымбек батыр даңғылы мен Желтоқсан көшесіндегі BRT құрылысы. Бұл жұмыстар бірінші кезекте таңдалды, себебі көлік қозғалысына түсетін қысымды азайтады және толықтай бір жол желісін жасауға көмектеседі. Яғни Райымбек батыр даңғылындағы BRT желісі Желтоқсан көшесі арқылы Тимирязев көшесіндегі қоғамдық көлік жолымен байланысады. Ал мұндай жүйенің пайда болуы – жолаушылар санын көбейтіп, жылдам автобустарға магистральды көшелермен кептеліссіз жүруге мүмкіндік береді.

Әзірлеген
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы елімізде кеңінен аталып өтуде. Бүгінде біздің елде Жеңіс жауынгерлері де санаулы қалды. Ал Алматыда 21 соғыс ардагері бар. Ғасыр жасаған олардың біразы 9 мамыр күні 28 панфиловшылар паркінде өткен мерекелік іс-шараның куәсі болды.



Нұрлан
СҮЙІН

9 мамыр күні Алатаудың етегіндегі әсем қала Алматы ерекше жайдары жағдайда болды. Таңмен таласа қалың жұрт Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіс әкелген аталардың әруағына тағзым етуге шаһар ортасындағы «Қаһармандар саябағына» асықты. Бейбіт күннің орнауына жан бодауын берген қаһарман бабалардың рухына тағзым етуге жиналған жұрттың қарасы қалың болды. Жүріп-тұруы қиын ардагерлерге қала әкімдігі тарапынан арнайы көліктер бөлінген.

Ұлы Жеңісті ресми мерекелеу бағдарламасы бойынша Панфиловшылар паркіне



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

көзі тірі майдангерлер, тыл ардагерлері, Ауған соғысы ардагерлері, Чернобыль апатын ауыздықтағандар, Желтоқсан кө-

терілісі ардагерлері, т.б. ресми шақырылды. Қала әкімдігі тарапынан оларға арнайы гүл себеттері дайындалған.

Алматы қаласы әкімдігі, қалалық Ардагерлер кеңесі, Алматы қалалық мәслихаты бастаған тағзым етушілер белгілі тәртіппен Мәңгілік алауға гүл себеттерін, гүл шоқтарын қойып, шейіт болған майдангер ата-апаларды еске алды. Белгілі тәртіппен ардагерлер де «ауғандықтар, чернобылдықтар мен желтоқсандықтар» да Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып жатты. Мереке күні Жеңіс жауынгерлеріне қызмет көрсетуде «ALATAU AQPARAT» медиахолдингінің қызметкерлері де атсалысты.

Қала басшылығы тарапынан Жеңіс күніне баса мән беріліп, тыңғылықты дайындық жасалғаны сол күнгі ауқымды да мазмұнды мерекелік іс-шаралардан анық байқалып тұрды. Панфилов паркіне келгендерге «Жеңіске 80 жыл» символикасы бар төсбелгілер, ленталар, бас киім мен футболкалар тегін таратылды. Бір шетте оркестр мен әншілер хоры майдан әндері мен патриоттық әуендерді орындап жатты.

Мерекелік гүл қою рәсімінен соң шектеулер алынып, Мәңгілік алау маңы тағзым етуші халыққа толып кетті. Көпшілік гүл қойып, тағзым етті. Көзі тірі санаулы майдангерлерге сәлем беріп, қолдарын алып, лебізін де тыңдады. Ресми іс-шарадан соң мерекелік концерт беріліп, шаһарды жеңіс рухы кернеді.

ТАРИХ ЖҮГІН СҮЙРЕГЕН ПОЙЫЗ

Алматы-2 вокзалына келіп тоқтады

Алматыда Жеңіс күні мерейтойы аясындағы мерекелік іс-шаралар мазмұнының әралуандығымен есте қалды. Тарихи датаны еске алуға арналған іс-шаралар қатарында «Жады пойызын» қарсы алу салтанаты мейрам мәнін аша түсті.



Естай
БОЖАН

Мерекелік жиын Алматы-2 теміржол вокзалының перронында өтті. Салтанатты рәсім шымылдығын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі ашты. Ал теміржолшылар мен мектеп оқушылары патриоттық әндер шырқап, жеңіс рухына арналған өлеңдер оқыды.

Іс-шараның басты мәні – Екінші дүниежүзілік соғыс кезі-



нен қалған паровоздың Алматы-2 перрорына келіп тоқтауы болды. Бұл паровоз соғыс аяқталған 1945 жылы Берлиннен Алматыға әкелінген. Соғыс дәуірінің жәдігері Алматы теміржолындағы соңғы тарихи паровоз саналады.

– Бүгін бұл тарихи паровозды соғыс кезінде пайдаланылған

вагондарымен бірге шығарып, осында алып келдік. Ондағы мақсатымыз – тарихтың бір үзінгі қазіргі ұрпаққа көрсету, сол кездегі қолданылған техникаларды, теміржолшылардың еңбегін, олардың жеңістегі рөлін ұғындыру. Бұл – Алматы теміржолында соғыс кезінен бері сақталған соңғы паровоз, сондықтан оның

тарихи құны жоғары, – дейді Алматы теміржолшы ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Омаров. – Жеңіс күнінде Алматы-2 теміржол вокзалына тарихи эшелон келді. Бүгінгі ұлттық-патриоттық іс-шараға көптеген жастардың келіп қатысып жатқаны қуантады. Жастарымыздың өз тарихын білуімен қатар аталары-

мыз бен әкелеріміздің ерлігін ұмытпауы, бүгінгі бейбіт отанымызды сүйі де аса маңызды деп ойлаймын, – дейді вокзал шаруашылық департаменті директорының орынбасары Қажымұқан Ибрагимов.

Тарих жүгін сүйреген пойызды көруге келген алматылықтар арасында 6 жастағы Қадыржан да болды. Ол анасымен бірге мерекелік іс-шараны көруге арнайы келген.

– Мұндай пойызды бұрын көрмеген екенмін. Барлық вагондарды аралап көрдім, адамдар да көп болды. Маған бұның бәрі қызық болды, – дейді Қадыржан Қалмұратұлы.

Ол тарихи эшелон жанында тұрып: «Соғыс болмаса екен, бейбітшілік орнаса екен! Әлемнің бар балалары алаңсыз ойнаса екен!» деген ән шырқады. Концерттік іс-шаралардан кейін ардагерлер мен теміржолшылар, мектеп оқушылары әскери-дала асханасынан дәм татып, естелік суреттерге түсті.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАҺАРМАНДАР

құрметіне алматылықтар алып Туды көтеріп өтті



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматыда қала әкімдігінің Ақолдауымен ардагерлер бірлестіктері ұйымдастырған «Батырларға тағзым» атты естелік акциясы өтті.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясындағы маңызды оқиға ретінде қала тұрғындарын біріктіріп, соғысқа қатысқан батырларымызға, тыл еңбеккерлеріне және Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан барлық ержүрек азаматтарға құрмет білдіруге мүмкіндік берді. «Батырларға тағзым» акциясына қатысушылар шеруін әскери үрмелі оркестр, Құрмет қарауылының ротасы мен ардагерлер ұйымдарының өкілдері бастап шықты. Ардагерлердің қоғамдық

бірлестіктері атынан акцияны ұйымдастырушылардың бірі, Қазақстан Республикасы Генералдар кеңесінің төрағасы, генерал-лейтенант Бексұлтан Сарсеков ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығына ерекше тоқталды.


– Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтіп жатыр. Бұл Жеңіске Қазақстан зор үлес қосты. Майданға бір миллион екі жүз мыңнан астам жауынгеріміз – аталарымыз, әкелеріміз аттанды. Олардың тек 600 мыңы ғана елге оралды. Бүгінгі ұрпақ үшін азаттық пен жеңіс жолында, бүгінгі жарқын әрі тәуелсіз Қазақстанда өмір сүруіміз үшін жанын қиған ерлерді ұмытпау – қасиетті парыз. Біз бұл азаматтарды әрдайым жадымызда сақтауымыз керек, – деді генерал-лейтенант Бексұлтан Сарсеков.

Акция маршруты Гоголь көшесінің бойымен Орталық мәдениет және демалыс саябағынан бастап 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябаққа дейін жалғасты. Іс-шара Мәңгілік алау жанындағы Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қоюмен аяқталды. Бұл сәтте оркестрдің сүйемелдеуімен әскери әуендер орындалды. Акцияға 30 мыңнан астам алматылық қатысты.

– Менің атам Калел Тілепұлы 1914 жылы Семей облысындағы Чалобай ауылында дүниеге келген. Соғыс басталғанда ол 39-танк бригадасы құрамында, моторлы автоматшылар батальонының 1-ротасында автоматшы болып қызмет етті. Оның әскери жолы Севастопольден басталып, Волгоград пен Днепр арқылы өтіп, 1945 жылы Будапештке дейін жетті. Көрсеткен ерлігі үшін бабам «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. «Батырларға тағзым» акциясына қатысу арқылы оның рухына, сондай-ақ бейбіт өмір сыйлаған барлық ардагерлерге құрметімізді білдіреміз, – деді алматылық тұрғын Гаухар Жүсіпова.

Шеруді 80 жылдық мерейтойлық символикамен және ұлттық өрнекпен безендірілген «Батырларға тағзым» деген жазуы бар 10 тақырыптық баннер толықтырды. Колонналарды безендіру барысында 500 мемлекеттік ту қолданылып, қатысушыларға 10 мың дана Қазақстан Туы мен 20 мың «Жеңіс лентасы» таратылды. Іс-шараны ұйымдастыруға 500 ерікті жұмылдырылды.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



Алматыда Жеңістің 80 жылдығына арналған ауқымды дрондар шоуы ұйымдастырылды. Бұл әсерлі көрініс мерекенің шарықтау шегі болды.

500-ден астам дрон көкке көтеріліп, жарық пен анимация арқылы ерлік пен жанқиярлықты, есте қалған ерлікке толы сәттерді баяндады. Оны тамашалауға Абай алаңына 60 мыңнан астам қала тұрғыны жиналды.

Шоудың ашылу сәтінде аспанда «80 • 1941–1945» деген жазуы бар жұлдыз пайда болды. Одан кейін жауынгер каскасы мен қызыл қалампырлар бейнеленіп, соғыста қаза тапқандарға құрмет көрсетілді. Ең әсерлі көріністің бірі – соғыстан оралмаған сарбаздардың рухын бейнелейтін ұшып бара жатқан тырналар композициясы болды.

Шоудың маңызды бөлігі қазақстан-

дық қаһармандарға арналды. Аты аңызға айналған Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың кезегі келгенде, Мәншүк – пулеметпен, Әлия – мылтықпен шықты. Сондай-ақ, жауынгерлік ұшақпен тұрған әйгілі ұшқыш Талғат Бигелдиновтың бейнесі де ерекше әсер қалдырды. Халық қаһарманы, қолбасшы әрі жазушы Бауыржан Момышұлының тұлғасы батырлық пен қайсарлықтың символы ретінде жарқырады. Бұдан өзге көріністерде Жеңіс Туының көтерілу сәті, жұлдыз пішініндегі Мәңгілік алау мен «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды!» деген жазу бейнеленді. Шоудың аяғында қазақ оюмен көмкерілген композиция мен жарқыраған «Жеңіс күні құтты болсын!» деген жазу көрермендерді ерекше әсерге бөледі.





ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ПАРАСАТ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов туралы замансөз



күнде тіпті көп өлең, ертегі білетін болған шығарсың. Үй-рене бер. Ең болмаса харіптер үйрен. Тәтеңе айтып, маған өзің де хат жаз. Жаздығүні мен саған велосипед әперем, алдамаймын, айналайын жаным. Ал бетіңнен, көзіңнен сүйдім. 04.II.48 ж.», – дейді.

Жазушының сүйікті ұлының атын тікелей атамай, «Мұратайым» деуінің өзінде қаншама мейірім, өлшеусіз сүйіспеншілік жатқанын аңғармау мүмкін емес. Бұл жөнінде кейіпкеріміздің өзі де ерекше ілтипатпен баяндайтын. Ол әкесінің де, анасының да шын мәніндегі педагогтар болғанын ылғи баса айтатын. Бала Мұрат алғаш хат танып жүрген кезде анасы шұлық тоқып отырып, «Абай жолын» оқытатын көрінеді. Кішкентай Мұратайының салмағы үлкен романды мұрны пысылдай ежіктеп оқып отырғанын көргенде, әкесі балаша мәз болатын дейді естеліктерінде.

«Әкемнің сенімінен шығуға барынша тырыстым»

Иә, асқар таудай әкенің әрбір хаты балаға бағдаршам іспетті болғаны анық. Кейінірек Мәскеуден жіберіп тұрған түрлі кітаптары да балаң Мұраттың білім көкжиегінің кеңеюіне, сана биігінен көріне бастауына ықпал еткені сөзсіз.

Мұрат Мұхтарұлы әкесінің өзіне мамандық таңдауда үлкен мән бергенін де жиі айтады. Он алты жасында М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтының Қытай филологиясы факультетіне оқуға түседі.

«Көрегендігі ғой, ол кездегі осал Қытайдың болашақта іргелі елге айналатынын болжады. Жоспары мықты еді, бірақ мен оқуымды аяқтамай, дүниеден кете барды. Әкемнің сенімінен шығуға барынша тырыстым», – деп жазады Мұрат Әуезов «Ділім» атты кітабында.

«Сәлеметсің бе, қарғам?!»

Осыдан екі жыл бұрын Алматы төріндегі ҚР Ұлттық кітапханасында Мұрат Мұхтарұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Өткірдің жүзі» атты кездесу өтті. Меймандар арасында біз де болдық. Кездесуде Ұлттық кітапхананың сол кездегі директоры Бақытжамал Оспанованың айтқан бір лебізі есімізге оралып отырғаны.

«Мұрат Мұхтарұлы біздің кітапхананы біраз жыл басқарды. Сонда таңертең жұмысқа, есіктен кіріп келе жатып ең бірінші осы қарашаңыраққа басын иіп сәлем беретін. Сосын әріректе еден жуып жүрген кісінің жанына аялдап, амандасып, «сәлеметсің бе, қарғам, жағдайың қалай, балаларың жақсы ма, өсіп жатыр ма?» деп сұрайтын. Ал еден жуушы әйел мәз болатын, «осы күнге дейін ешкім бұлай бала-шағамыздың жағдайын сұрамапты» деп.

Қайраткерлігіне лайықты қаншама рет ірі сыйақылар алды. Сонда Мұрат Мұхтарұлы соның бәрін қалтасына салып алып кеткен жоқ. Осында 300-дей қыз-келіншек жұмыс істейді, соның бәріне таратып беретін, бізді театрға шақыратын. Гүл әкеп сыйлайтын. Шетелге барған сапарларында бәрімізге сыйлық көтеріп келетін. Сонда бұл неткен қарапайымдылық, биіктік деп таңқалушы едік», – деген болатын әріптесі.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

ТЕГЕУРІНІ МЫҚТЫ ТЕМАҒАҢ ЕДІ...



«...Күрсінгенімде – Күн күркіреді, Сілкінгенімде – Жер тітіренді...», – деп көнедегі Көк түркінің күмбірлі рухын, Тоныкөктің толғаулы сарынын қазіргі қазақтың қара өлеңімен теліген ақын, әдебиеттің тағы бір абыз ақсақалы, қаламын – қадір, арын – ардақ тұтқан алғадай топтың алқаулы ағасы іспетті қаламгер, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан халық жазушысы Темірхан Медетбек 81 жасқа қараған шағында бақиға аттанды.

Қадірі биік қаламгердің қазасы әдеби ортаның ғана емес, руханият саласының жоғын жоқтап, жүгін арқалаған қауымға да тегіс ауыр тиері сөзсіз. Жазмыштың дегені мен Жаратқанның қалауынан болар, жыл басынан бері Қазақтың руханият көгінен бірқатар жарық жұлдыз сөнді. Сәуірдің соңында ғана Сейіт Қасқабасовтай әдебиет пен фольклордың абызынан айырылған қазақ руханияты, енді міне, Темағасынан да көз жазып қалды.

1945 жылы 6 наурызда Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген болашақ ақын орта мектепті Түркістан қаласында бітіріп, екі жыл туған ауылында колхозшы, кейін аудандық газетте корректор болып жұмыс істейді.

Қазақ поэзиясына құбылыс болып енген Темірхан Медетбек 1968–2002 жылдары Радио мен телевидениеде, әртүрлі газет-журналда, жалпы шығармашылық ұйымдарда еселі еңбек етті. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында екінші хатшы болып, 2003 жылдан «Ақиқат» журналының Бас редакторы, ал 2006 жылы республикалық «Жұлдыз» әдеби-көркем журналының Бас редакторы болып тағайындалды.

Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген қаламгердің соңында мол мұрасы қалды. Ол көптеген кітаптардың авторы. Оның «Жанымның жапырақтары», «Сапар алдында», «Алыс шақырымдар», «Мәртебе», «Әуедегі толқындар», «Дауыс», «Көгершін қауырсындары», «Аңқа кептірген аңызак», «Сырым бар саған айтатын», «Тағдырлы жылдар жырлары», «Көк түріктер сарыны» жыр жинақтары мен «Менің Абайым», «Баба дәстүрдің мұрагері кім?», «Сегіз қырлы сексен сырлы әлем бұл» атты кітаптары жарық көрді.

Өлеңдері қырғыз, өзбек, украин, орыс, қытай, татар тілдеріне аударылған.

Бұған қоса, ақынның өзі де Пушкин, Лермонтов, Якоб Колас, Янка Купала, Лесья Украинка, Радован Загович, Бодлер, Верхарн, Пабло Неруда, Незвал, Еркін Вахидов сияқты ақындардың өлеңдерін, сондай-ақ Генрих Белдің «Иесіз үй» романы мен Владимир Набоковтың бірнеше шығармаларын қазақ тіліне аударған. Соңғы жылдары Темірхан Медетбек «Алматы ақшамына» жиі бас сұғып, шығармалары газет бетінде шығып тұрды.

Рухты ақынның қазасына орай, марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша қаламгер қауымға қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Қош болыңыз, қаламның қарагері.

«Alatau Aqparat»
медиахолдингінің ұжымы

Нұржамал
ӘЛІШ

«Мұратайымның тілі қазақша шықсын»

Аяулы тұлғаны ұмыту мүмкін емес. Қайта көз алдымызда қалған жылы бейнесі жыл өткен сайын биіктей түсуде. Мұрат Әуезов біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингіне жиі келіп тұратын. Біздің үлкенді-кішілі қуаныштарымызға, жетістіктерімізге ылғи тілекші болып жүретін. Жастарға деген лебізін де аямайтын. Бұл бізді, әрине, қуанышқа бөлейтін. Қашан көрсеңіз де орнықты, жұмсақ мінезімен, байсалды болмысымен, ойлы жанарымен, жып-жылы аурасымен баурап алушы еді.

Иә, Мұрат Әуезов – жазушы Мұхтар Әуезовтің «Мұратай» деп еркелеткен сүйікті ұлы, абзал ана Фатима Ғабитованың сүткенжесі.

Мұхтар Әуезов баласына жазған хаттарының бірінде: «Мұратай! Айналайын, жақсы балам! Тілі тәтті, өзі тәтті Мұратайым! Сен мені сағындың ба, мен сені көп ойлап, көп сағынам. Қашан тағы көрер екем деп ойлаймын. Енді көргенде Мұратайым маған тағы қандай әндер айтып берер екен деп ойлаймын. Сен әнді жақсы айтушы едің. Осы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Фазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН,
ҚР Ұлттық кітапханасының директоры:

Рухани жадыны жаңғырту жолындағы қадам

Қазақ руханиятының қарашаңырағы – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қабырғасында Мұрат Әуезовтің жұмыс кабинеті орналасқан. Мұхтар Әуезовтің заңды мұрагері, 2003–2007 жылдар аралығында ҚР Ұлттық кітапханасының директоры болған Мұрат Мұхтарұлының тікелей бастамасымен ашылған осынау «Мұхтар Әуезов атындағы ғылыми кабинет» еліміздің мәдени-ғылыми орталықтарының бірі. Ғылыми кабинеттің негізгі міндеті – Мұхтар Әуезовтің бай шығармашылығын зерделеу және мұрасын насихаттау.

Бүгінгі күнге дейін сол мақсат бірнеше ірі жоба ұйымдастырылып, өткізілді. Сонымен қатар, отандық және алыс-жақын шетелдерден келетін Әуезов мұрасын зерттеуші-ғалымдар үшін қызмет көрсетеді. Ұлттық кітапханаға Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, цифрландырылған шығармалар топтамасы, туындыларының басқа тілге аударылған нұсқалары, библиографиялық, фильмографиялық, фотогалерея, әуезовтанушы ғалым-зерттеушілердің мақалалары және өзге де көптеген мәліметпен қамтылған «Мұхтар Әуезов әлемі» атты электронды кітапханасы сыйға берілген. Ол оқырмандарына үш тілде ақпарат береді.

Ғылыми кабинетте Мұрат Әуезовтің жеке кітапханасынан Абай мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына қатысты 500-ден астам кітап, журнал, Мұхтар Әуезовтің суреттері, сувенирлер бар. Сондай-ақ, оқырмандар Ұлттық әдебиетті, тарихты, мәдениетті, өнерді, әдет-ғұрыпты, қазақтың дәстүрін танытатын көптеген авторлық телехабар мен фильмдер көре алады. Болашақта осы орынды музейге айналдыру – тек бір тұлғаның өмір жолына тағзым ету ғана емес, күллі қазақтың рухани жадысын жаңғырту жолындағы маңызды қадам болмақ.



2025 жылғы қаңтар-сәуір:

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Еліміздің ЖІӨ өсу қарқыны 6%-ға жетті

Ұлттық статистика бюросының болжамды деректеріне сәйкес, еліміздің 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жарияланды.

Ұлттық экономика министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 6%-ды құрады. Экономиканың негізгі салаларында: көлікте (22,4%), саудада (7%) даму қарқынының артқаны байқалады. Өсім ауыл шаруашылығы (3,9%) және байланыс (2,6%) салаларында да тіркелді.

Көлік саласындағы өсім саланың жалпы көлеміндегі үлестері тиісінше 20,5% және 19,6%-ды құрайтын теміржол және құбыр көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді. Жоғары динамика Түркістан (21,8%), Жамбыл (11,2%) және Абай (14,9%) облыстарында тіркелді.

Құрылыс саласында нақты жұмыс көлемінің индексі 16,2%-ды құрады. Сонымен қатар, құрылыс кезеңін ескере отырып, жұмыстарды орындау қарқынын арттыру және жобалар құнының өсуіне жол бермеу үшін жергілікті жерлерде қажетті үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылды.



Сауда саласы бірінші тоқсандағы 6,3%-ға қарағанда 7% тұрақты өсуді көрсетті. Көтерме сауда көрсеткіші 7,4%-ға, бөлшек сауда көрсеткіші 6,1%-ға дейін өсті. Бірқатар өңірлер: Түркістан облысы – жемістерді, көкөністерді, фармацевтикалық тауарларды сататын кәсіпорындар есебінен 60,4%; Ақмола облысы – астықты, тұқымдарды және мал азығын сататын кәсіпорындардың арқасында 44%; Шымкент – дизель отынын, фармацевтикалық тауарларды, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарды сататын кәсіпорындар есебінен 19,8%-ға жоғары өсімді көрсетті.

Өнеркәсіпте өндіріс индексі 6,4% жетті. Өсім тау-кен секторында – 7,1%, атап айтқанда көмір өндіруді ұлғайту есебінен (11,2%) байқалып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде көрсеткіш 7,2% құрайды, оның ішінде тамақ өнімдерін өңдеу (12%), темекі өнімдерін (26,3%), химиялық өнімдерді өндіру (11,2%) және машина жасау (11,2%).

Ауыл шаруашылығы оң динамиканы көрсетуде. Жалпы өнім индексі қаңтар-сәуір айларында 3,9%-ды құрады.

Үкімет Президенттің еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының сапалы іске асырылуын бақылауда ұстап отыр.

● ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

Business.enbek.kz порталы:

ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯЛАР

үшін гранттар алуға өтінімдер қабылдау басталады

2025 жылғы 21 мамырдан бастап Business.enbek.kz порталында 1-лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар алуға өтінімдер қабылдау жүзеге асырылады. Республика бойынша бірінші лекте 4500 адамға грант беру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, гранттар қайтарымсыз негізде беріледі, нысаналы мақсаты – жаңа бизнесті бастау және дамыту болып табылады. Грант мөлшері 400 АЕК-ті (1 572 800 тенге) құрайды. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады. Грант қаражаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өтінім беру үшін: Порталда тіркелу; грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту; бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу; өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қою қажет.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділік болмаған жағдайда, мансап орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, Халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтінім беруге болады. Грант алу үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет. Жаңа бизнес-идеяны іске асыруға грант алуға үміткерлер: тіркелген жұмыс-



сыздар мен жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін).

Бұл ретте үміткер төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болу керек: мүгедектігі бар адамдар; қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар; өңіраралық қоныс аударушылар; аз қамтылған отбасы мүшелері; көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы / зайыбы); мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам (жұбайы / зайыбы); асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығандығы туралы 3 жылдан аспайтын мерзімде берілген сертификаты болуы тиіс.

Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, адами факторды азайту, өтініш берушілерге ыңғайлы болу үшін гранттар берудің бүкіл процесі электрондық форматқа ауыстырылды. Грант алуға өтінімдерді қабылдау бірыңғай терезе – «Business.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Грантты қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге алуға болады.

Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжы-

майтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Гранттарды Еңбек мобильділігі орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде береді.

Үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырады. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды және бағалау парағын мынадай өлшемшарттар бойынша толтырады: бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі, өткізу нарықтарының пысықталуы, бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі, кәсіпкерлік дағдылардың деңгейі, жаңа жұмыс орындарын құру.

Осылайша грант беру туралы шешім комиссиялық түрде және үміткерлердің бизнес-жобаларының пысықталуын бағалаудың нақты өлшемшарттары негізінде қабылданады.

Комиссия шешімі үміткердің Порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі Еңбек мобильділігі орталықтары мен оның филиалдарына (мансап орталықтарына) бармай-ақ, электрондық форматта жасалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

МАМАН КЕҢЕСІ

ДЕРТТЕН ТЕК ЕКПЕ ҚОРҒАЙДЫ

Ел арасында екпеге түбегейлі қарсы жандар әлі де бар. Ал сол вакцинаның адам баласын талдай дерттен сақтап қалатын күшке ие екендігіне неге мән бермейміз? Осы және өзге де сауалдарымызға Алматының №21 емханасының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі Гаухар МАКУЕТОВА жауап береді.

– **Вакцина не үшін қажет?**
– Вакциналаудың міндеті – белгілі бір иммунитетті қалыптастыру реакциясын бастау, яғни кейінірек ағзаға микроб түскеннен кейін сол микробқа қарсы иммундық жадының болуы. Микроб адам ағзасына енгеннен кейін антиденелер пайда болады, ол – ауру қоздырғышын жоятын бөлшектер. Бұл бөлшектердің жеткілікті мөлшерде қалыптасуы үшін уақыт қажет – бұл адам ауырып жатқан кезең. Антиденелер жеткілікті мөлшерде жиналған кезде, науқас жазыла бастайды. Әртүрлі жағдайларға байланысты, мысалы, сыртқы факторлар, зиянды әдеттер, қосалқы аурулар және т.б. әсерінен ауру әртүрлі ауырлықта өтеді және асқынып, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Вакцинация антиденелердің пайда болу уақытын қысқартады, осылайша асқынуларды болдырмайды.

Сонымен қатар, вакциналардың өздері ауру тудыруы мүмкін емес. Өйткені, олар тазартылған және әлсіреген.

– **Ұлттық вакциналау күнтізбесі бойынша екпе нәресте өмірінің алғашқы күндерінен басталады. Неліктен ерте?**
– Антиденелер жүктілік кезінде анадан плацента арқылы нәрестенің қанына енеді. Және ондай антиденелер анасы ауырған немесе вакцина алған аурулардан ғана болады. Бірақ олардың тиімділігі төмен және тез жоғалады (үш айдан бір жылға дейін). Сондықтан жекелеген инфекциялар кезінде бала туғаннан кейін бірден егу керек (В гепатиті мен туберкулезге қарсы). Өйткені, нәресте осы инфекцияларға мүлдем қорғансыз болып туады. Басқа жағдайларда, мысалы, туғаннан кейін 6–12 айдан кейін қызылшаға, қызамыққа антиденелердің концентрациясы төмендейді. Сондықтан баланы 12 айдан



бастап қызылшаға, қызамыққа қарсы егу керек. Вакциналау неғұрлым ерте басталса, баланың жұқпалы ауруға шалдығу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады және иммунитетті дамытуға уақыты болады.

– **Неліктен көп ата-ана вакцинадан бас тартады?**
– Өкінішке орай, республика бойынша жыл сайын өз балаларын егуден бас тартатын ата-аналардың саны көбеюде, көп жағдайда діни наным бойынша. Алайда, бірде-бір ресми дінде екпеге тыйым салынбаған.

Көпшілік халық медицина саласындағы қол жеткізілген жетістіктерге байланысты инфекциялардың бұрынғы кезеңдерде қаншалықты ауыр болғанын ұмыта бастады.

Инфекциялар біржола жойылды деген пікір пайда болды. БАҚ пен интернетте медицинаға қатысы жоқ антиваксерлер вакцинациядан кейінгі асқынулар (аутизм, церебральды сал ауруы) туралы көптеген жағымсыз ақпарат таратты. Бұл ақпаратта ешқандай дәлел жоқ. Барлық ұлы дәрігерлер, медицина саласындағы ғалымдар балалар мен ересектерді вакциналауды талап етсе де, бірақ қандай да бір себептермен біздің азаматтар медициналық білімі жоқ «диван» сыншылары мен блогерлерге көбірек сенетіні қынжылтады.

– **Мүлдем екпе салдырмасақ не болады?**
– Жұқпалы аурулар аяқастынан бұрқ етіп шыға келуі мүмкін. Оның болмауына ешкім кепілдік бере алмайды. Ондай кеселдер өз кезегінде балалар арасында жұқпалы аурулардан болатын мүгедектік пен өлім-жітімнің артуына әкеледі. Тіпті, алысқа барудың қажеті жоқ, біз 2023 жылдың соңында қызылшаның өршуін байқадық және кейінгі 30 жылда қызылша ауруының мұндай деңгейі байқалмаған болатын.

– **Былтыр адам папилломасы вирусына қарсы екпе енгізілді. Бұл қаншалықты қажет болды?**
– Иә, өткен жылы АПВ вакцинасы Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді. Елімізде әйелдердегі онкопатология құрылымында жатыр мойны обыры сүт безі қатерлі ісігінен кейін екінші орында тұр. Ал өлім-жітім бойынша қатерлі ісік жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында. Бұл кесел бүкіл әлем бойынша өсіп барады.

Бізде жыл сайын жатыр мойны обырының 1800-ге жуық жаңа жағдайы және осы аурудан 600-ге жуық өлім тіркеледі. Бүгінгі күні АПВ-ның арнайы емі жоқ. Оның алдын алудың жалғыз әдісі – вакциналау. Жатыр мойны обыры – бұл алдын алуға болатын жалғыз қатерлі ісік! Ерлер үшін АПВ әйелдерге қарағанда аса қауіпті емес.

Жаппай вакциналаудың негізгі контингенті – 11–14 жас аралығындағы жасөспірім қыздар. Бұл жас қыздарды жыныстық белсенділік басталғанға дейін жаппай вакциналау мақсатында және вирус әйелдердің денесіне енгенге дейін ағзада иммунитет қалыптастыру үшін таңдалды. Сондықтан бұл екпеден қорқудың қажеті жоқ және бас тартпаған абзал. Ауырмау – өз қолымызда.

БРИФИНГ

АСТМА ЕМДЕЛЕДІ

Гендік-инженерлік биологиялық жаңа аппараттар бізде де бар

Жыл сайын 6 мамырда бүкіл әлем астмамен күрес күнін атап өтеді. Бұл – осы аурудың алдын алып, анықтап, онымен күресудің тиімді жолы барына қоғам назарын аударар ерекше күн.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас аллерголог-иммунологы Таир Нұрпейісов осы мәселеге тоқталды.

«Астма – тыныс жолдарының созылмалы қабынуы. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарағанда, қазір осы дертпен 300 миллионнан астам адам ауырады. Медицина дамып жатқанына қарамастан, ауруды уақытылы анықтай алмай, емге қолы жетпей жүрген пациенттер әлі де көп», – дейді спикер.

Оның айтуынша, Алматыда тыныс демікпесімен тұрғындардың 0,5-0,7%-ы, яғни қаладағы әрбір 100–200-ші адам ауырады. Астма елімізде ТМҚКК / МӘМС-тің бақылауына кіретін аурулардың қатарына жатады. Аурудың белгісі анықталған жағдайда, ауруды елемей, өз бетінше емделіп жүре бергенді қойып, емханаға, аллергологтың қабылдауына бару керек.

Дәрігер астма жастар мен балаларда көп кездесетінін атап өтті. Балалардың арасында ұлдар жағы көп ауырса, ересектердің арасында көп ауыратындар – әйелдер. Бұрын «поллиноз» деп атаған аллергиялық ринитпен ауыратындар да осы тізімге кіріп тұр. «Қазақстан астмамен ауыратындар заманауи, қауіпсіз әрі тиімді ингаляторлармен тегін емделетін азын-аулақ елдердің қатарына кіреді. Бізде астманың алдын алып, оны емдейтін барлық мүмкіндік бар. Кейінгі жылдары астманың ауыр түріне шалдыққан пациенттердің сауығып кетуіне септесетін гендік-инженерлік биологиялық жаңа аппараттар да алынды», – деді Т.Нұрпейісов.

СӘТТИ ОТА

ӘЖЕЙ АҚ БАТАСЫН БЕРДІ

Қария жамбас сүйегі сынып, №7 қалалық ауруханаға шұғыл түрде түскен. Тексеруден кейін анестезиолог-реаниматолог, кардиолог, терапевт және травматолог дәрігерлердің консилиумы жабық түрде сүйекті орнына салу отасын жасап, тез оңалып кетуге мүмкіндік беретін заманауи имплант орнатуға шешім қабылдады. Соған орай анестезиологиялық препараттар таңдалды. Ота ойдағыдай өтті, егде жастағы пациент үйіне шығарылды.

«Қарт ана 101 жаста, алдағы маусымда 102 жасқа толады. Созылмалы ауруы жоқ. Тексеру кезінде де ағзасында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Оның тезірек сауығып кетуіне тілектеспіз. Ол немерелері мен шөберелерінің қасына үйіне оралады», – деді Алматы қалалық №7 клиникалық аурухананың травматология бөлімшесінің меңгерушісі Рамазан Әскеров.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

УАҚЫТТЫ ОЗДЫРМАЙЫҚ

Алматы онкологтары қалқанша безінің грейпфрут мөлшеріндегі ісігін алып тастады

Алматыдағы онкологиялық орталықта үлкендігі Агрейпфрут жемісіндей болатын қалқанша безінің ісігін жоюға арналған жоғары технологиялық ота сәтті жасалды.

Түзілім негізгі тамырлар мен трахеяны қысып, көмейді ығыстырып, төс сүйегінің артына жайылып, науқас жиі-жиі еңгігіп, тұншыға бастаған. Дәрігерлер қалқанша безінің көлемі 10 см болатын ірі ісік диагнозын қойды, бас изейтін бұлшықетіне өсу және жатыр мойны лимфа түйінінде метастаздық зақымданулар бар.

«Ота ашық түрде жүргізілді. Дауыс функциясына

жауап беретін қайталанатын көмей нервтерін, ісікпен бірге айтарлықтай ығысуына қарамастан, оқшаулап, сақтап қалдық. Қалқанша безі толығымен алынып, жатыр мойны лимфа түйіндерінің лимфодиссекциясы жасалды», – дейді Алматы онкологиялық орталығының онкохирург маманы Шыңғыс Сатымбаев. Ота шамамен екі сағатқа созылған.

Онколог еске салады: ерте кезеңде анықталған қатерлі ісіктер емге көнеді және ауыр зардаптардың жолын кеседі. Яғни дер шағында қойылған диагноз өмірді сақтай алады.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.**

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» — алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға — 613,40 теңге, 3 айға — 1840,20 теңге, 6 айға — 3680,40 теңге, 7 айға — 4293,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға — 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға — 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға — 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 7 айға — 9209,34 (қала), 5623,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға — 393,40 теңге, 3 айға — 1180,20 теңге, 6 айға — 2360,40 теңге, 7 айға — 2753,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №209 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық акті-лерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2025 жылғы 8 мамырда №209790 болып тіркелді.		
2025 жылғы 28 сәуір	ШЕШІМ	№209
«V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXI сессиясының «Алматы қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №263 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы №386 шешімінің күші жойылды деп тану туралы		
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мысхихаты ШЕШТІ : 1. «V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXI сессиясының «Алматы қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №263 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы №386 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1242 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ		

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №210 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық акті-лерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2025 жылғы 30 сәуірде №209608 болып тіркелді.		
2025 жылғы 28 сәуір	ШЕШІМ	№210
«Алматы қаласында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №209 шешімінің күші жойылды деп тану туралы»		
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ : 1. «Алматы қаласында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №209 шешімінің (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізімінде №178240 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ		

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №211 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық акті-лерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2025 жылғы 8 мамырда №209792 болып тіркелді.		
2025 жылғы 28 сәуір	ШЕШІМ	№211
Алматы қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы		
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ : 1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидалары бекітілсін. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ		

Алматы қаласы Мәслихатының
2025 жылғы 28 сәуірдегі №211
шешімімен бекітілген

Алматы қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы		
1-тарау. Жалпы ережелер		
1. Осы үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 1) тармақшасына, «Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №168 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №28138 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің тәртібін белгілейді. 2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады: 1) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгеші заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға; 2) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам; 3) иттерге арналған үйрету алаңы – иттерді үйрету үшін арнайы бөлінген, жаттығуға арналған арнаулы құралдармен жабдықталған қоршалған аумақ; 4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар; 5) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері; 6) үй жануарларының (иттердің) еркін жүруі – жануардың тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз ұстау иесінің қатысуымен үй-жайынан немесе аумағынан тыс жерде арнайы бөлінген аумақтарда, иттерді серуендетуге арналған алаңда немесе жануардың табиғи дене және физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйрету алаңында болуы; 7) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстау орнынан тыс жерде жануар иесізсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы; 8) ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыстар, құрылыс-жайлар, үй-жайлар немесе жер учаскелері.		
2-тарау. Үй жануарларын ұстаудың тәртібі		
3. Үй жануарларын ұстау жөніндегі талаптарға мыналар жатады: 1) үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады; 2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының		

профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.
4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.
5. Үй жануарларын төмендегендей орындарда ұстауға рұқсат етілмейді:
1) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талап-тары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстау орындарында;
2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ алаңдары, жертелелер, шатырлар, шектес балқондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй-жайлар);
3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);
4) асуілер мен жатақхана дәліздерінде.
6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың, оның ішінде кондоминиум объектілерінің, қоғамдық орындардың үй жануарларымен ластануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.
7. Бірнеше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй) үй жануар-ларын ұстау медициналық қарсы көрсетілмдерді ескере отырып, барлық тұрағын көпелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзе-ге асырылады.
8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерінің, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол беріледі.
8-1. Үй жануарларының иесі немесе жауапты адамы осы аумаққа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарының бар екендігі туралы ескерту жазбаны жүзеге асырады.
9. Қонақүйге әкімшілікпен келісім бойынша иесіне итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі.
10. Үй жануарларын қарасыз қалдыруға жол берілмейді. Қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:
1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп-бағуға орналастырады;
2) үшінші адамдарға уақытша күтіп-бағуға береді;
3) зоологиялық жатынайға орналастырады.
11. Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шаралар қабылдайды.
11-1. Жануардан бас тарту оған басқа адам меншік құқығын иленгенге дейін иесінің үй жануарына қатысты міндеттерін тоқтатуға әкеп соқпайды.
12. Иттерді өздiгiнен серуендеуiн және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшiкте болады.

3-тарау. Үй жануарларын серуендету тәртібі
13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануар-ларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.
14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, осы Қағидалармен белгіленген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.
15. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құ-қығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және 1,5 (бір жарым) метрден асатын қарғыбаусыз серуендетуге рұқсат етілмейді.
Үй жануарларын серуендету кезінде иелері мен жауапты адамдар мынадай талаптарды сақтайды (ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларын қоспағанда):
1) ит қоғамдық орындарда 2 (екі) метрден аспайтын қарғыбауда болуы керек;
2) тұмылдырық итке оны тасымалдау кезінде, адамдар көп жиналатын жерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, мекемелер белгілеген орындарда кигізіледі;
3) магистральдар маңындағы көшелер арқылы өту кезінде жол-көлік оқиғаларын және жолдың жүріс бөлігінде оның өлуін болдыр-мау үшін үй жануарлары 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қарғыбауда және келікте бірге болуға;
4) иесі иті иесінің осы ғимараттың ішінде болған уақытына ғимараттың жанында ерікті түрде шешілуін болдырмайтын байламда және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбаумен тұмылдырықта қалдыра алады;
5) иттерді серуендетуге тыйым салынған жерлерде ит иесі немесе жауапты адам айналасындағыларға қауіп төндірмей, тұмылды-рықпен және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауда итпен аумақты кесіп өтуіне болады;
6) иттерді еркін серуендетуге арнайы бөлінген аумақтарда, алаңда иттерді еркін серуендетуге жол беріледі.
Иттерді серуендетуге тыйым салынатын орындар тиісті белгімен белгіленуге тиіс.
16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй-жайларында тек түнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуендетеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе үйшiкте болады.

17. Елдімекен аумағында мыналарға:
1) иттердің еркін жүруі;
2) өздерінің мінез-құлқын ұстауға қауқарсыз, оның ішінде алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас күйдегі адамдарға үй жа-нуарларын серуендетуге және олармен қоғамдық орындарда және келікте бірге болуға;
3) әкімшілікпен келісім бойынша спорттық және өзге де іс-шаралар ұйымдарын қоспағанда мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорт және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар және спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және серуендеуге арналмаған тыйым салу белгілері белгіленген аумақтарда үй жануарларын серуендетуге;
4) адамдарға шаомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, фонтандар мен су қабылдағыштарда үй жануарларын шаомылдыруға және жұндыруға рұқсат етілмейді.
17-1. Коммерциялық, коммерциялық емес, діни ұйымдардың, балалар, медициналық немесе білім беру ұйымдарының аумағында үй жануарларының болуын және оларды күтіп-ұстауды осы ұйымдар мен мекемелердің меншік иесі (әкімшілік) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.
18. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы жабдықтайды.

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!	
2025 ж. 14 мамыр, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш.ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарту пунктiне дейiн мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би қ., 308-үй Ду800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.	
Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш.ауданы, Аксайская қ., Марғұлан қ., Трудовая қ., «Алтын бесік» ықш.ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш.ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш.ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин қ. (Төле би және Қабдолов қ.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин қ. мен Өтеген батыр қ. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.	
Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.	
Қосымша мәліметтерді тел.: 8 (727) 227-70-21 алуға болады.	



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY
Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.
Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!»

Хореографиялық байқау: «СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНЫҢ БИЛЕРІ»

Алмалы ауданы әкімі аппаратының қолдауымен, аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйымдастыруымен Алматыда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Соғыс жылдарының билері» атты іс-шара өтті.

Шаһардағы БҰҒО ұжымдары арасында өткізілген хореографиялық байқау шарты бойынша әр Орталық конкурсқа бір-бір биден ұсынуы тиіс болды, ал орындаушылардың жас санаты – 61 жас-тан 90 жасқа дейінгі аралықты қамтыды. Жарысқа қалада жұмыс істейтін



ТЕАТР

Алматылықтарға рок-балеттегі танго мәнеріндегі «Жыл маусымы» дейтін үлкен бағдарлама ұсынғалы отырған «Астана Балет» театрының репертуарында классика да, ұлтық хореография да, қазіргі балет пен симфониялық музыка да бар. Алматының өңірлік коммуникациялар орталығында өткен конференцияда осы концерттің жай-жапсары айтылды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Алматыға гастрольдік сапармен келген «Астана Балет» театрының қойылымы мамыр айының 10–18 аралығында «Almaty Theatre» сахнасында өтеді. Бұл – қаладағы үлкен мәдени жаңалық болғалы тұр. Бағдарламада – премьералар, әйгілі қойылымдар, әлемге танымал өнер жұлдызы Ержан Құлыбаевтың өзі қатысатын симфониялық музыка кеші мен қазақ мәдениеті туралы елді елең еткізер спектакль да қойылмақ.

«Алматы – біздің жолымыз түсетін ең бірінші қала. Біз сүйікті қаламызға жыл сайын келіп тұрамыз. Таразда, Ақтөбеде, Талдықорған, Павлодар мен Түркістанда болдық. Шетелге де шығып тұрамыз. Соңғы жылдары Женевада, Тбилисиде, Афина мен Анталияда да өнер көрсете бастадық. Сонымен бірге, біздің топ кішігірім құраммен Парижде, Дели мен Мумбайда да өнер көрсетіп қайтты», – деді Валерий Кузембаев.

«Біздің театрдың ерекше шығармашылық статусы бар. Біз өзімізді ешқандай академиялық шеңбермен шектеп тастаған жоқпыз. Репертуарымызда әртүрлі шығарма бар. Біз қазіргі заманғы болсын, модерн, ұлттық нақыштағы қойылым болсын, бәрін ала береміз. Соңғы жылдары қазіргі хореографияның шедеврі саналатын талай дүниені сахналап үлгердік. Кеше, арғы күндері өткен қазіргі рок-балет «Blind Forgiveness»-ті Алматыға әкелгеніміз де содан. Алматылықтар өте жақсы қабылдады», – деді Валерий Кузембаев.

Бүгін, яғни 13 мамырда алматылық көрермен қазіргі заманның ең әйгілі скрипка шеберлерінің бірі – Ержан Құлыбаевтың симфониялық оркестрімен қауышады. «Жыл маусымындағы» Антонио Вивальдидың классикасы



9 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының бишілері қатысты. Мың бұрала билеген ханымдар алматылықтар мен мегаполис меймандарын тағылымды бағдарламаларымен, тартымды өнерлерімен тәтті етті. Би конкурсының жеңімпаздарын арнайы жасақталған қазылар алқасы анықтады.

Бас жүлде Алмалы ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бишілер тобына бұйырды. «Шашу» және «Ада-жио» би ансамбльдері дайындаған жоба

үздік деп танылып (жетекшісі – хореограф Інжу-Маржан Ақтаубек), гран-приді жеңіп алды. Ал бірінші, екінші, үшінші жүлделі орындарды «Медеу» (Медеу ауданынан), «Queens» және «Гранд Ана» (екеуі де Әуезов ауданынан) би ансамбльдері иеленді.

Жеңімпаздар арнайы кубокпен, Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Тағы бес би ұжымы «Көрермендер көзайымы» номинациясы бойынша мақтау қағаздарына ие болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ХАСЕНОВ,
«KUMIS KHASYSR» қоғамдық қоры
«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры:

Жүрегіміздің үнін жеткіздік

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына арналған хореографиялық байқауды өткізу арқылы біз ең алдымен Отан үшін жанын қиған боздақтарды еске алып, аталарымыз бен апаларымыздың ерлігіне, рухына тағзым еттік. Батыр бабаларымызға өнерімізбен құрмет пен алғысымызды білдірдік. Фашизмді талқандап, қанқұйлы соғыста Жеңіске жетіп, бізге бейбіт өмір сыйлаған майдангерлеріміз бен тыл ардагерлеріне мейіріміміз бен жүрегіміздің үнін жеткіздік.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ЖЫЛ МАУСЫМЫ»



«Астана Балет» – Алматыда

мен аргентиналық маэстро Астор Пьяццолланың циклын орындайды онда. Ержан Құлыбаев замандастарына аты мәшһүр солист, Washington Award премиясының лауреаты, халықаралық байқаулардың жеңімпазы, әлемнің ең үздік сахналарында өнер көрсетіп, еліміздің атын шығарып жүрген жерлесіміз.

► Мамыр айының 15-16 аралығында, театр Юрия Григоровичтің хореографиясындағы «Махаббат туралы аңыз» дейтін атышулы қойылымын ұсынады. Шарпысқан сезім мен терең ойдан тұратын бұл спектакль балет өнерін жаңа сатыға көтерген. Назым Хикметтің пәлсапалық пьесасын негізге алған спектакльдың музыкасын Ариф Меликов жазып, визуальдық эстетика жағын Симон Вирсаладзе өңдеген.

► Хореография өнерімен қазақ мәдениетін насихаттап жүрген Қазақстанның өнер қайраткері Айгүл Тәтидің «Ұлы Даланың мұрасы» деген қойылымы мамырдың 18-і күні осы гастрольдік сапардың соңғы нүктесін қояды. Этнографиялық образдар, қазақтың бірегей мәдениеті мен балет өнерінің ерекше қолтаңбасы ұштасқан осы спектакль «Астана балет» театрының ең үздік өнімі саналады.

Өтетін жері: «Almaty Theatre» сахнасы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан ҚАНЕТОВ,
«Астана Балет» театрының көркемдік жетекшісі:

Тосын сый бар

Алматыға гастрольдік сапармен келу – үлкен жауапкершілікті талап етеді. Алматылық көрерменнің талғамы қандай екенін білеміз. Сондықтан осында келерде, біз бағдарламаны қызықты етіп даярлауға тырысамыз. Ержан Құлыбаев қатысатын симфониялық оркестрдің бағдарламасына келсек, Ержан бүкіл әлем білетін дарынды скрипка шебері. Ол өте қызықты бағдарлама алып келді осы жолы. Онда Пьяццолланың да, Вивальдидың да музыкасы бар. Көрермен жалықпас деп ойлаймын. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өтетін бұл гастроль өнерді қадір тұтатындарға, ұлтымыздың балет өнерін бағалайтындарға тосын сый болмақ.